

12-САБАҚ ТЕРАПЕВТТЕ

🎧 1. Тыңдаңыз, есте сақтаңыз.

киім

арқа

кеуде

жөтел

қақырық түсіретін дәрі

шаю

тыңдау

көтеру

тапсыру

түстен кейін

ем тағайындау

рентгенге жіберу



62

12-САБАҚ

👥 2. Сұқбатты оқыңыз.

Сізді не мазалайды?

Жөтел мазалайды.

Кеудеңізді/арқаңызды ашыңыз.

Кеудеңізді/арқаңызды тыңдаймын.

Қандай шағымыңыз бар?

Қандай дәрі іштіңіз?

Қақырық түсіретін дәрі іштім.

Қашаннан бастап ауырады?

Бір апта болды.

Қан талдауын тапсырыңыз.
Зәр/несеп талдауын тапсырыңыз. Ертең түстен кейін келіңіз.

Сізге ем тағайындаймын.

Рецепт бойынша дәрі сатып алыңыз.



63

12-САБАҚ

3. Берілген сөз орамдарының көмегімен сұқбаттасыңыз.

Ем тағайындаймын.

Рентгенге жіберемін.

Арқаңызды тыңдаймын.

Жөтел мазалайды.

Қан талдауын тапсырыңыз.

4. Қажетті етістіктерді жазыңыз.

Сізді не _____ ?

Қашаннан бастап _____ ?

Жөтел _____ .

1 апта _____ .

Киіміңізді _____ .

Қан талдауын _____ .

Кеудеңізді/арқаңызды _____ .

Зәр талдауын _____ .

Қандай шағымыңыз _____ ?

Ертең түстен кейін _____ .

Қандай дәрі _____ ?

Сізге ем тағайындаймын.

Бромгексин _____ .

Түймедақпен аузыңызды шайыңыз.

64

12-САБАҚ

5. Сұқбатты рөлге бөліп оқыңыз.

– Сәлеметсіз бе!

– Қайырлы күн!

– Қай жеріңіз ауырады?

– Жөтел мазалайды.

– Жеке куәлігіңізді беріңіз.

– Мінекейіңіз.

– Отырыңыз. Кеудеңізді/арқаңызды тыңдаймын. Қандай дәрі іштіңіз?

– Қақырық түсіретін дәрі іштім.

– Қашаннан бастап ауырады?

– Бір апта болды.

– Сізге ем тағайындаймын. Рентгенге жіберемін. Қан талдауын, зәр/несеп талдауын тапсырыңыз. Ертең түстен кейін келіңіз.

– Жақсы. Сау болыңыз!



65